

Т.Ә. ҚОҢЫРАТБАЙ

МИФОЛОГИЯЛЫҚ ЫҢҒАЙ - КИЕЛІ КЕҢІСТІГІМІЗДІ ЗЕРТТЕУ ӘДІСІ

The main ideas of popular Kazakh scientist-mythologist of S.Kondibay are interpreted in the article, who established the mythology as a branch of social science. He tried to focus on approaching the mythological meaning in studying sacral spaces and its symbols, saint signs, definition of protokazakhs, which left an unforgettable mark on the conscience of even modern kazakhs. The ways of understanding the Creator and other events are analysed with the help of symbols presented by S.Kondibay. According to the author of the article, the mythes are believed to be the base of spirituality and of all sacral, saint in the spiritual life of the people.

Мәдениеттанымдық ыңғай білім философиясы мәселелерінің бірі ретінде туып, білім мен мәдениеттің бірлігі негізінде қалыптасып келе жатқан педагогика ғылымындағы жаңа бағыттың (педагогикалық мәдениеттанудың) жүзеге асуына ықпал етіп келеді. Мәдениеттанымдық ыңғай білім мен мәдениеттің, ғылыми жаратылыстану және әлеуметтік гуманитарлық ғылымдардың мақсаты мен міндеттерін біріктіретін тетік ретінде екі түрлі тенденцияны шешуге қатысады: біріншіден, ғылыми жаратылыстану пәндері элементтерін гуманитарлық циклдағы пәндерге ендіреді, екіншіден, техникалық, арнайы пәндерді этномәдениеттанымдық мазмұнмен толықтырады. Қорыта айтқанда, оқу процесіндегі мәдениеттанымдық ыңғай ғылыми жаратылыстану пәндерінің мазмұнын гуманитаризациялауға, кәсіби техникалық білім мазмұнын мәдениеттендіруге, гуманитарлық білімді ақпараттандыру мен компьютерлендіру процестеріне қатысады. Барлық ғылым салаларынан көрініс беріп жүрген мәдениеттанымдық ыңғайдың гуманитарлық ғылымдардағы орны бөлек.

Мақаламызға тақырып еткен мифологиялық ыңғай педагогика ғылымынан үлкен орын алған сол мәдениеттанымдық макроыңғайдың бір тармағы ғана. Мифологиялық ыңғайдың кейбір элементтері этнопедагогика саласындағы қолданыстарға енгенімен, педагогика ғылымы оны киелі кеңістікті зерттеу әдісі ретінде таныған емес. Білгір зерттеуші С.Қондыбайдың мифологияны адам танымын зерттейтін сала ретінде ұсына отырып, оның арнайы «мифологиялық әдісі» болуы керек деген тың идеясы бізге бағыт сілтеді. Зерттеуші мифологияны тарих, археология, лингвистика, әдебиеттану, фольклортану, жаратылыстану, дін сияқты адам танымын зерттейтін ғылымдар қатарына қойды. Мифология сол ғылымдардың өзара тоғысқан нүктесіне орналасқанда ғана нәтиже беретінін дәлелді түрде болжайды. С.Қондыбайдың айтуынша, естен шыққан Рухты, Киені, Ділді, Танымды өткен заманның ұмыт болған қабаттарынан аршып алуға, еске түсіруге, қазіргімізді, өздеріміздің кім екенімізді (яғни мұсылмандығымызды) білуге мүмкіндік беретін бірден бір әдіс – мифологиялық әдіс. Педагогикада аты аталып, түсі түстеліп қана ұшқары жүрген мифологиялық әдістің мәні де маңызы да С.Қондыбай зерттеулерінде нақты көрінген.

Өз зерттеулерінде автор сол әдісті қолдана отырып, бірқатар тың тұжырымдар жасап, жаңа атауларды тудырған. Мысалы, педагогикада «білім кеңістігі» дейтін ұғым орын алса, С.Қондыбай зерттеулерінде «киелі кеңістік» ұғымына мынадай анықтама берілген: «Киелі қазақтың мәңгі елі - реалды географияда, дархан далада емес, біздің санамыз бен түйсігімізде, яғни, әрбір қазақтың ішінде орналасқан, әбден тұмшаланып, шаң басқан, табылмай жатқан «ішкі елімізде». Мұндағы автордың «ішкі ел» деп отырғаны ішкі дүние, қазақтың ішкі сарайы, рухани әлемі, ішкі кеңістігі болса керек. С.Қондыбай оны «Киелі кеңістік» деп атаған. Оның мағынасына тереңдей келгенде, рухани әлеміміздің қаншалықты және неліктен әлсірей бастағандығын түсіну қиын емес. Қондыбай айтқандай, «Мифология – сол Киелі кеңістікті қайтадан танып, білуге, жол ашып беретін кілттердің ішіндегі негізгісі» екен. Осы бір ойдың тереңіне мән берсек, бүгін біз «Кие» дейтін құндылықты, «Киелі кеңістіктегі»(арғықазақтардың танымы, қазақтың ішкі сарайы, жан дүниесі) күрделі құбылыстарды ескермей-ақ, тереңінен танымай-ақ, оның Киесін санамызға сіңірмей-ақ, ұлттық идеямызды, ұлттық мектебімізді үстірт моделдеп жүргендей болып көрінеміз.

Рас, «киелі кеңістік» педагогика ғылымының тікелей зерттеу нысаны болған емес. Бірақ оның кейбір элементтері этнопедагогикада қамтылды. Сонау 90-жылдары қалыптаса бастаған этнопедагогика саласы бұл мәселеге тәжірибелік тұрғыда, фольклор және этнография материалдары негізінде бір табан жақын келді. Ол кезде мифологияның гуманитарлық ғылым саласы ретіндегі орны айқындалмаған еді. Этнопедагогика халықтың бала тәрбиелеудегі әлеуметтік тәжірибесін зерттеп, педагогикалық мәдениеттің дәстүрлі үлгісі ретінде ерекшелейді, ал мифология киелі кеңістіктің Рухани орталықтарына тереңдеп, адам танымының ұмыт бола бастаған қырларын зерттейді. Біздің пайымдауымызша, мифологияның жетістіктеріне сүйене білсек, «киелі кеңістіктің» танымдық-тәлімдік мәнін теориялық-әдіснамалық тұрғыда, мифологиялық ыңғайда ашу арнайы зерттеу нысаны ретінде педагогика ғылымына сұранып тұрғандай.

Бізді қоршаған әлем түрлі кеңістіктердің кешенді жиынтығы сіпеттес. Қазіргі тұлға сол кеңістіктердің : білім кеңістігінің, киелі кеңістіктің(бұл С.Қондыбай тудырған атау), географиялық кеңістіктің, мәдени-ақпараттық кеңістіктің, интернет кеңістігінің, еуразиялық, халықаралық, отандық, т.б. кеңістіктердің субъектісі. Алайда тұлғаны біз әртүрлі кеңістіктердің субъектісі ретінде бөлек қарастырып жүргендіктен, оның тұтастығы да, әлемді тұтас қабылдау мүмкіндігі де шектеліп жүргендей. Мысалы, тұлғаның тек

білім кеңістігімен шектелуі әлемді тұтас қабылдауын қамтамасыз ете алмайды. Мәдени-ақпараттық кеңістіктегі құбылыстарды ғана қабылдаушы да әлемнің тұтас бейнесін елестете алмас еді. Батыстық немесе шығыстық көзқарастардың бірімен ғана шектелген тұлға да өзінің көзқарастық диапазонын кеңейте алмас еді. Мәдениеттанымдық ыңғайдың бір тармағы боп табылатын еуразиялық ыңғай ғана батыстық және шығыстық көзқарастар әлеміндегі антиподтарды бір арнаға тоғыстыру арқылы рухани интеграцияға жол ашып отыр.

Ал бүгінде қалыс қалып бара жатқан киелі кеңістікті танымаған және қабылдамаған тұлғаның санасында әлемнің тұтас бейнесінің жасалуы екіталай дер едік. Себебі мифологиялық таным адам танымының құрамдас бір бөлігі. Тұлғаның әлемді тек интернет кеңістігі арқылы танып, игеруі де қабылдаудың тұтастығын қамтамасыз ете алмайтыны белгілі.

Жалпы әлемде жүріп жатқан әркілі процестер мен құбылыстар сол кеңістіктерде көрініс береді. Білім беру жүйесінде туған идеялар мен тұжырымдамалардың белгілі бір географиялық кеңістігі бар. Қазақстандық білім кеңістігі өзінің көкжиегін халықаралық кеңістікке шығу арқылы кеңейтпек. Адамзат қоғамы біріктіріп тұрған кеңістігіміз ақпараттық деп аталса, қоғамдағы мәдени құбылыстар мәдени кеңістігімізден тарайды. Еуразиялық кеңістіктен батыстық және шығыстық көзқарастарды үйлестіретін мәдениеттің жаңа типін танимыз. Киелі кеңістігімізде ұмыт қалған киелі ұғымдарымыз бен символдарымыз сақтаулы. Аталған кеңістіктер түрлі ғылым салаларының зерттеу нысандары. Біздіңше, аталған кеңістіктердің тұтастығын сақтау тұлғаның әлемді түрлі қырынан тұтас танып, қабылдауын және тұлғаның тұрақты да тұтас дамуын қамтамасыз ету шартының бірі болса керек. Кеңістіктер ішінен киелі кеңістік ұғымын тікелей ерекшелеп көрелік. Рас, киелі кеңістік педагогика ғылымының тікелей зерттеу нысаны болған емес. Тек оның кейбір элементтері ғана этнопедагогикада қамтылды. Себебі киелі кеңістікті түсіну мен зерттеу мифология саласының зерттеу әдістерімен байланысты. Гуманитарлық саланың бірінен саналатын мифология да адам танымын зерттейтін ғылымдар қатарына жатады. Ол мифтерді арнайы зерттеу арқылы киелі кеңістіктегі ұмыт болған киелі ұғымдарымызбен, символдарымызбен қазіргі адамдардың танымын жаңғыртады. Біздіңше, мифтер жаңа ғасыр адамдары ұмыта бастаған рухтылық пен киелілік бастауы. Мифологиялық таным ұлттық танымның негізі. Сондықтан да біз одан алшақтай алмаймыз. Оған мән беріп, зерттей түсудің үлгісін зерттеуші Серікбол Қондыбайдан үйренеміз. Зерттеуші ұсынған мифологиялық әдіс арқылы киелі кеңістікті зерттеу, оған қатысты киелі ұғым, символдармен, дәстүрлермен бүгінгі ұрпақтың танымын кеңейтуге болатынына көз жеткіздік. Мифологиялық таным ұлттық танымның негізі. Алайда қазіргі адамдар мифологиялық танымнан алшақтап барады. Рухтылықтың, жасампаздықтың, даналықтың үлгілерін мифтерден іздестіре отырып, мифологиялық танымды адам танымының бір түріне, әлемнің бейнесін тұтас қабылдауға мүмкіндік беретін фактордың біріне баладық.

Мифтерді, киелі кеңістікті сөз еткенде қазақ дүниетанымына да қатысы бар түркі тілдестердің көне наным-сенімдерін айналып өту мүмкін емес. Себебі олар мифтерді тудырған бастау. 19-ғасырға дейін мифтер ежелгі гректер мен римдіктерге ғана тән деп саналса, бертін келе оның Индоеуропа, Америка, Африка, Австралия халықтарында да бар екендігі мойындалды. Алайда батыстық ғалымдар тарапынан Шығыс және Орта Азия жерлерінде туған мифтер ескерілмеді. Оған бүгінде түркілер дәуірінен қалған мәдени жазбалар «Күлтегін», «Оғызнама», «Қорқыт Ата кітабы» т.б. мұралары дәлел. Себебі Шығыс елдері қоғамдық дамудың алғашқы сатыларын басынан ертерек өткергендіктен, онда космогония, анимизм, тотемизм, зороастризм, буддизм, монихеизм, шаманизм нанымдары көбірек дамып, ертегілер түрінде өмір сүріп келген. [1, 46.].

Қазақ дүниетанымына тікелей қатысы болғандықтан, бұрынғы зерттеуімізде(кандидаттық диссертациямызда) ежелгі түркі тайпаларының көне ұғымдарын екі сатыға - мифологиялық және реалдық сатыға- бөліп қарастыру әдісі арқылы саралап, олардың әлеуметтік-эстетикалық, мәдени-педагогикалық маңызын ашып көрсетуге әрекеттенген едік. Дүниені танудың мифологиялық сатысына ежелгі түркі тайпаларының мифтік, космогониялық, ішінара демонологиялық ұғымдарын жатқыздық. Олар бас-басына қалыптасу, даму тарихы бар мәдени-әлеуметтік құбылыстар, ортақ мүдделері мен белгілері бойынша қалыптасқан тайпалардың менталдық әлемін сипаттайтын компоненттер. Ондағы жақсылық пен жамандық, жаратылыс, кеңістік туралы көзқарастар, мифтік бейнелер адамның ойлау, сөйлеу, әрекет жасау, тіршілікке бейімделу, күресу, қорғану қабілетін, сана-сезімін жетілдіріп, рухани шыңдалуына себепші болды. Адам табиғаттан тыс күштерге төтеп беруді қиялдап, өзінің мүмкіндіктерін әсірелеген, ой-әрекетін жетілдірген. Сайып келгенде мифтік ұғымдар көркем қиял, тіршілік етуге қажетті білім тудырды, адамзат баласының сөз қорын байытты, адам тәрбиесінің рухани құралы ретінде көрініп, қоғамдық сананың деңгейін көтеруге үлес қосты. Сол 1994 жылғы диссертациялық еңбегімізде: «Қазақстан, Орта Азия және Үнді, Қытай Тибет, Иран, түркі-монғол халықтары мифологиясындағы ежелден келе жатқан сабақтастықты ескерсек, сол халықтардың тәлімгерлік тәжірибесіндегі ортақ идеяларды, рухани жақындықты мәдени-педагогикалық тұрғыда игеру қажет болады», - деген пікір айтқан едік. [2, 25-34]. Бұл шығыс халықтарының педагогикалық мәдениетін, (соның ішінде киелі кеңістігін) зерттеу ісі мифологиялық және еуразиялық ыңғайларға сұранып тұрғанын көрсетсе керек.

Ал түркі тілдес халықтардың тотемдік, шамандық, т.б. ұғымдарын екінші реалдық сатыға жатқыздық.

Әрине ол кезде «мифологиялық әдіс», «мифологиялық ыңғай» деген ұғымдардың атын атап, түсін түстемесек те, оған бір табан жақын келдік деуге болар еді. Қоғамдық сананың қайсыбір сатысына зер салсақ та, адамның ой-санасының қалыптасу, даму, танымын кеңейту, білім үйреніп, кәсіп игеру, еңбек мәдениетіне қол жеткізу жолы көне наным-сенімдермен тығыз байланысты екендігі көрінеді. Түркілердің табиғатпен қарым-қатынасы ана мен бала арасындағы махаббат сезіміндей шынайы. Табиғатпен туыстық оларды ізгілік әлеміне жетеледі. Табиғатты сүю сезімі ата-баба аруағын қастерлеуді, жан-жануарлар дүниесіне рақымшылық студі үйретті. Еуропалықтар тіршілігінде эстетикалық қызмет атқармаған табиғат құбылыстары түркілерді эстетикалық әсерге бөледі.

Арғы қазақ мифологиясы Шығыс, Орта Азия халықтарына тән ойлау стилін, қазақ халқына тән сөз саптау мәдениетін, түрлі өнері мен кәсібінің ерекшеліктерін танытады. Қазақ халқының менталдық өрісі де наным-сенімдерсіз айқындалмайтындықтан, мифтерді қазақ менталитетінің іргетасы дейміз. Қазақ халқының рухани мәдениеті, дүниетанымы, табиғат, мәдениет туралы түсінігі мифологиясыз толықпайды. Мифтік ұғымдарды жатсыну, жете бағаламау ұлттық рухымызға сын. Мифтер бізге сол кездегі адамдар сенімінің жоғары деңгейдегі көрінісімен, адам санасында сенім мен үмітті ұялатып, өмірге деген құштарлығын арттыра білгені үшін қымбат және көнермес үлгі. Мифтерде әсіресе, Ресей ғалымы Б.С.Гершунский сөз еткен Білім мен Сенімнің синтезі анық көрініс береді. Л.Н.Гумилевтің пікіріне сүйенсек, «Аңыздар мен мифтер адам қиялынан туған шығарма емес, олар сол кездердегі адамдардың көзқарасын, кезеңіне сай білімін көрсетеді»[3,90]. Қазақ философы Ғ.Есім: «Мифология - адамдардың өзін қоршаған орта туралы түсінігін тарихи, өздігінен болды деп сенетін түрлі бейнелер, кейіпкерлер мен оқиғалар арқылы жеткізуі. Мифологиядағы бейнелер арқылы ұжымдық түсінік қалыптасады. Мифология сол кездегі адамдардың таным объектісі. Онда адамшылық нормалары сөз болады. Олардың түйгендері мен түйсінгендері санасында екшеліп, көркемөнер үлгілері түрінде(сурет, ән, би, салт т.б.) көрініс береді. Осыдан біртіндеп әлемдік мәдениет нұсқалары жинақтала бастайды»,- дейді [4, 8 б.].

Арғықазақ мифологиясынан түркі тілдестердің киесі мен рухы танылады, олардың табиғатпен сұхбаттылығының, рационалдық және иррационалдық ойлауының синтездік көріністері бар. Біздің пайымдауымызша, арғықазақ мифологиясы (көне наным-сенімдер) білім, сенім, рух, кие, діл ұғымдарының тұтастығын сақтаған бастау бұлақ тәрізді. Олар педагогика ғылымы мен тәжірибесінде өзара байланыста қарастырылуы тиіс. Себебі олардың тұлғаның танымы мен көзқарасын, санасын қалыптастыруға, бейсанаға да тікелей ықпалы бар. Адам тәрбиесінде оның білімін ғана емес, сонымен қатар сенімін, рухын, киесін, ділін, олардың өзара байланысын ескеру, тұтастығын сақтау тұлғаның құндылықтар жүйесін қалыптастыруға да оң ықпалын тигізеді. Алайда негізінен білімді ғана басыңқы еткен бүгінгі педагогика ғылымы мен тәжірибесі білімнің сеніммен, рухпен, киенмен, ділмен байланысын әлсіретіп алды. Нәтижесінде рационалдық және иррационалдық ойлаудың арасы алшақтап, қазіргі адам тәрбиесінде рухтылық пен киеліліктің, сенімнің орны ойсырап, тұлғаның әлемді тұтас тануын жүзеге асыру қиындықтарға тап болуда. Әлбетте ежелгі мифтерден көрініс беретін білім, сенім, рух, кие, діл ұғымдарын өзара байланыста қарастыруды педагогикалық зерттеулермен шектеу мүмкін емес. Бұл ретте пәнаралық зерттеулерге, әсіресе гуманитарлық ғылымдардың зерттеу әдістеріне сүйену қажеттілігі туындайды. Мысалы, педагогика мен мәдениеттанудың, мифологияның, дінтанудың, лингвистиканың, т.б. ғылымдардың зерттеу әдістері қажет-ақ. Бұл ойымыздың қате еместігіне арғықазақтар мифологиясын зерттеуші С.Қондыбайдың еңбектеріне сүйене келіп те көз жеткіздік. С.Қондыбайдың сипаттауынша, Рухани орталық немесе Төретам, Киелі кеңістік әзірге негізінен мифология ғылымының зерттеу нысаны болумен шектеліп тұр. Алайда рухани әлемімізден тыс қалып бара жатқан киелі кеңістіктің қатпарланған сырларын, оның танымдық және тәлімдік мәнін ашу педагогика ғылымы үшін қажет-ақ. Киелі кеңістікті зерттеудің күрделілігі оның пәнаралық зерттеу әдістеріне мұқтажығында. Бұл ретте мифология, фольклортану, этнография, педагогика және мәдениеттану, дінтану салаларының, яғни, бірқатар гуманитарлық салалардың синтезі арқылы жол табу мүмкіндігі бар. Қазір гуманитарлық салалардың ішінара ғана емес, ғылыми жаратылыстану мен гуманитарлық салалардың да интеграциялануы көкейкесті бола бастаған кезеңде, педагогика ғылымы мен мифологияның арасына байланыс орнатып, екеуінің зерттеу әдістерін үйлестіруді жүзеге асыратын бірден-бір сала - педагогикалық мәдениеттану дер едік.

Ғылымдар синтезі арқылы жасалатын зерттеулердің маңыздылығын С.Қондыбай да құптайды. Мысалы, ол: «Гуманитарлық ғылым салалары арасында іс жүзінде байланыс жоқ, әрқайсысы өз бетімен дамып, өмір сүруде. Бұл да болмауы тиіс іс, өйткені жөні дұрыс қоғамда барлығы да керісінше болуы керек.» - деген тұжырымы бізге ой салады [5,23.]. Талдап қарасақ, жоғарыда атап көрсетілген ұғымдар (Білім, Сенім, Рух, Кие, Діл, Таным) әртүрлі гуманитарлық салада жеке дара зерттеледі екен. Мысалы, білім - педагогикада, сенім мен рух - теологияда, кие мен рух – мифологияда, діл мен рух-философияда, т.с.с. Егерде гуманитарлық салалардың арасындағы байланыс кеңейсе, тікелей адам болмысына қатысты осы тектес қасиеттердің, ұғымдардың, құбылыстардың, құндылықтардың бұлайша жырмалануы болмас еді. Бұл тұлғаға әлемнің бейнесін тұтас қабылдату мақсатымызға қайшы келтіретін жағдай. Адамның болмысын құрайтын компоненттердің ішінен сенімді, рух пен киені шегеріп тастау, жалғыз біліммен шектелу тұлға болмысының тұтастығына нұқсан келтіреді, оның құндылықтар жүйесін қалыптастырмайды.

Жоғарыда аталған Білім, Сенім, Рух, Кие, Діл, Танымның бір нүктеде – адамды зерттеуде, санасын тәрбиелеп, қалыптастыру жолында - өзара тоғысуын педагогика ғылымы жүзеге асыра алар еді демекпіз. Түйіндеп айтқанда, гуманитарлық ғылымдар арасындағы өзара байланыстардың (жоқтығы демей-ақ қояйық), әлсіздігі шындыққа саяды. Осы олқылықтың орнын толтыруға біз ұсынып отырған жаңа сала – педагогикалық мәдениеттану өз үлесін қоса алар еді. Ежелгі наным-сенімдер, діндер адамдарға өмір сүруді, тіршілік етуді, әрекет жасауды, ізденудің жүйесін жасап, үйреткен. Мифтерден әлемнің мифологиялық сипаты көрінеді. Мифологиялық таным ұлттық танымның негізі дер едік. Мысалы, ежелгі грек мифтері еуропалықтардың ұлттықтанымның өзегі. Қазіргі адамдар мифологиялық танымнан алшақтап, ноосфералық танымға да жете алмай оларда тұр. Тек ғылыми таныммен шектелу - адамзаттың ойлауындағы сынаржақтыққа, дүниетанымындағы тоқырауға әкеліп тұрған факторлардың бірі. Бүгінде бізге керегі - санамызда әлемнің діни-мифологиялық, ғылыми және көркемдік-этикалық, ақпараттық-техникалық сипатын үйлестіру. Яғни, ұмыт болған мифологиялық танымды ғылыми таныммен үйлестіруге мұқтажбыз. Мифтерде рационалдық пен көркем ойлаудың синтездік көріністері бар. Әзірге оларды синтездеуге құрылған зерттеулер аз. Ұлттық идея да, тұлғаның таным мәдениеті де танымның осы екі түрінің үйлесімі арқылы қалыптасса керек. Жаңа ғасырдағы адамзаттың түпкі идеалы - ноосфералық таным иесі болу - да осы мифологиялық және ғылыми танымның үйлестігі негізінде жүзеге аспақ.

Адам тәрбиесін жетілдіруге ықпал ететін таным жүйесінің формуласын «діни мифологиялық таным - көркемдік таным- ғылыми таным - ноосфералық таным» деп төрт тағандық құрылым түрінде белгілеуге тырыстық. Мифологияның рухани мәдениетіміздің бөлігі, тәрбие құралы ретінде мойындалуы халқымыздың рухани мәдениетке деген ерекше ықыласының көрінісі. Рухани мәдениет - адамзаттың ақыл-ойымен, жасампаздық қабілетімен жасалған мәдениет үлгісі. Рухани мәдениеттен бастау алған рухани тәрбие ұғымы негізінен діни тәрбиеге қатысты қолданылып, педагогикалық айналымнан өз орнын ала бастады. Діннің ғибратын игеріп, киелі орындардың(мешіт, шіркеу, ғибадатханалардың) жағымды ықпалында болуды, түрлі діни дәстүрлерді құрмет тұтуды рухани тәрбие деп жүрміз. Дінге қатысты қолданылып жүрген «рухани» сөзінің түп төркінін мифологиядан іздеу оны терең мағынада ұғынуға мүмкіндік береді. Зерттеуші С.Қондыбайдың зерттеуіне сүйеніп айтар болсақ, қай халықтың болмасын өзіндік рухани орталығы болады. Автор орталық сөзін кіндік, центр мағыналарына жақын қолданады. Оны автор Ілкі төр деп атайды. Ілкі Төр - Жоғарғы Рухани Орталық. Ол біреу ғана болады. Ұлттық Рухани Орталық Төретам деп аталады. Олар бірнешеу. [5,53]. Біздіңше, рухани тәрбие ұғымы сол рухани орталықтардағы киелі орындармен, бұйымдармен есімдермен, атаулармен байланысты.

Зерттеуші С.Қондыбай Төретамның 5-6 түрін сипаттайды. 1) Төретам (рухани орталық) – реалды географиялық нысан немесе координаттар тоғысы яғни, тапжылмас, жылжымас мүліктер. Қасиетті, киелі деп есептелген ежелгі арутамдар(святителище) орналасқан алқап, тау, орман, тоғай, өсіп тұрған жеке ағаш, топ ағаш, құдық, бұлақ, үңгір, әулиелер бейігі, әулие мүрдесі, мешіт, діни ғимараттар, ғибадатханалар. Оның барлығы Ілкі Төрдің жергілікті күлдіктері(эманациялары). Оны киелі кіндік, (сакральный центр, энергетический центр) деп те атайды. Мысалы Палестинадағы Иерусалим қаласы, Араб еліндегі Мекке Медине, әлем мұсылмандардың кие тұтатын орындары. Түркістандағы Ахмет Яссауидің кесенесі, тай қазан, Қазығұрт тауының баурайы мұсылманшылық жолындағылардың, ұлтымыздың киелі жері, Ілкі Төрдің күлдігі. 2) С.Қондыбай Киелі сипатқа ие бұйымдардың бірқатарын атайды. Олар тағзым ету нысанына айналған ерекше қасиеті бар заттар Құран кітабы, киім-кешек, қазан, қару-жарақ, ту, саба, сақина, тостаған, мүсін, сурет, т.б. Қазір біз ұлттық рәміздерімізге, Астанамызға қатысты символдарға да сондай киелі сипат беріп жүрміз. Мысалы, Астана қаласының, орталық мешіттің Нұр-Астана аталуы, жер мен аспанның тығыз байланысын көрсететін алып Бәйтерек туралы киелі ұғымның Астанамыздағы Бәйтерек мұнарасына берілуі жаңа ғасыр адамдарының киелі ұғымдарды қастерлеуге бет бұруының көріністері. Мифологиялық танымның жастар санасындағы жаңғырығы. 3) Төретам (рухани орталық) жеке (тарихи, жетекшілік функцияға ие) тұлғалардың өзі немесе адамдар шоғыры да «рухани орталық» бола алады. Бұрынғы замандарда ондай қызметті абыздар, дін иелері, батырлар, жеке билеушілер, пайғамбарлар атқарған. Қазақстанның түкпір-түкпіріндегі әулиелердің барлығы да рухани орталықтар, мәртебелік, танымалдық деңгейі (бүкілқазақтық, аймақтық, жергілікті) түрліше болып келетін н-інші дәрежелі төретамдар. Тарихи халық өзін басқалардан ерекшелеуге тырысып, өзіне кіндік сипат беруге тырысады. Мысалы, еуразиялық континенттердің нағыз орталығын алып жатқан Қазақстанға да қазір кіндік сипаты беріліп, оның географиялық кеңістігі киелі кеңістікке баланып жүр. Астанамызда киелілік символдары көбейіп келеді. С.Қондыбайдың зерттеулерін талдай келе Нұр-Астана атауының Астанамызға киелілік сипат беретінін, Астана қаламыз Кіндік нүктеден тараған нұрдың шашуына бөленген қала екенін ұғыну қиын емес.

Бірақ Киелі кіндіктер орналасқан киелі кеңістікті қадірлеу жағы соңғы жылдары әлсіреп қалды. Киелі орындарға денсаулыққа шипа іздеп қана баратын болдық. Олардың көзін ашу ұлтты сақтаудың басты міндеті. Қазақы сипатымызды сақтап отырған киелі кеңістіктегі төретамдардың саны азайып барады. Оларға шын сенімнен гөрі декларативтік деңгейдегі сенім белең алған. Халықтың сенімі азайса, рухани орталық күш-қуатының қайнар көзі бітеліп, жойылуы да мүмкін. Немесе зиянкес сипатқа айналады.

«Өз рухани орталығына деген сенімін жоғалтқан халық халық емес, әшейін тобыр болмақ».[5,54-56]. Осы жағдайларды ескерген мемлекетіміз арнайы «Мәдени бағдарлама» негізінде рухани орталықтарымызды қамқорлыққа ала бастады. Сонымен, Ілкі төр мен оның төретамдары түркі халықтарының бастапқы дәстүрінің қайнар көзі. Оны жаңа қазақтардың да қайнар көзіне айналдыру керек. Автор бұл ретте барлық гуманитарлық ғылымдарды жұмылдыра отырып, барлығына ортақ бір бастауды табу үшін Ілкі төр(ілкі дәстүр) мәселесімен айналысуды ұсынады. Себебі әлгі аталған рухани орталықтар халықтық, ұлттық дәстүр ұғымдарынан анағұрлым тереңрек, мәндірек. С.Қондыбайдың сипаттауынша, Рухани орталық немесе Төретам дегеніміз – Ілкі Төрдің эминациясы, яғни, төменгі деңгейдегі көшірмесі. Рухани Орталықтардың халықтардың өзін-өзі сақтап қалуы үшін маңызы зор. Рухани Орталықтың күш қуатына көп нәрсе байланысты. Егер кіндіктің қуаты мен ықпалы пәрменді болса, сыртқы теріс ықпалдарға қарсы тұру иммунитеті жоғары болады. Егер рухани кіндік әлсіресе, халық та әлсірейді. Рухани Орталықсыз (Төретамсыз), рухани бағдарсыз қалған халық бірте-бірте өз сипатынан айырыла отырып жойылып кетеді, не басқаға сіңіп кетеді. Дінді бұзушылардың жымысқы әрекеті осы рухани Орталыққа шабуылдан басталған. С.Қондыбайдың айтуынша, Ілкі төр және оның Төретамдары «халықтық дәстүр», «ұлттық дәстүр» деген ұғымдарға тереңнен түсініктеме береді. Осы негізде «дәстүрлі мәдениет» сөзін де талдап, түсінуге болады.

С.Қондыбай оқушы жастарға ғылыми-жаратылыстану пәндері арқылы игертіп жүрген таза геометриялық фигураларды да Ілкі төр мен Төретамнан бастау алған бейнелік, мағыналық, киелілік символдарына жатқызған. Олар шеңбер, сфера, төртбұрыш, квадрат, конус, куб, көпбұрыш, жұлдыздар, қиылысу нүктесі, т.б. Ал топографиялық символдар қатарына - бастау, бұлақ, тұма, қайнар, көз, құдық, дария, тау, тас, ор, апан, үңгір, ағаш, жолдар тоғысы, т.б. ұғымдар кіреді. Олардың барлығы дерлік жаратылыстану-гуманитарлық пәндерге, ғылыми, әдеби тілімізге еркін еніп кеткен деуге болар еді. Сәулет символдары: қала, қамал, сарай, храм, ғибадатхана, үй, қоршау, қабырға дарбаза, сандық символдар: бірден бастап, он, қырық, алпыс, жүз, үш жүз, т.б. да сонау Ілкі төр мен Төретаммен байланысты ұғымдар. Сондай-ақ, тірі пенделер, мифтік кейіпкерлер, зат түріндегі символдар - таяқ, қазық, баған, қақпа, есік, тостаған, сусын, т.б. да киелілік символдары [5, 58].

С.Қондыбайдың құдайдың құдіретін символдар арқылы беру әдісін талдап көрелік. Қақ ортасында нүктесі бар кәдімгі шеңбер берілген. Жалпы қарағанда қарапайым нәрсе тәрізді. Алайда мағынасы тереңде жатыр. Зерттеуші жалғыз нүктені «кіндік нүкте» немесе «орталық нүкте» дейді де, сол «Кіндік нүктені» - нұр немесе құдайы құдірет деп атайды. Бірақ Кіндік нүкте(яғни нұр) «көрілместің» (непроявленность) өзі. С.Қондыбайдың айтуынша, адам құдіреттің өзін ешқашан тани алмайды, оны тек символ түрінде ғана біле алады. Енді шеңберге назар аударалық. Шеңбер - ғаламның символын береді, - деп көрсеткен. Оның ортасындағы Нүкте – нұрдан сызықтар тарайды, ол сәуленің символы. Сонда нүктені кіндік етіп тұрған шеңбер - Нұрдың шашуы. Қорыта айтқанда, нүкте нұр болса(оны адам көре алмайды), шеңбер - нұрдың шашуы. С.Қондыбайдың түсіндіруінше, нұрдың шашуы «көресін»(проявленность). Нұрдың шашуын адам рационалдық жолмен тани алады. Қарапайым символдармен белгіленген ғажап құбылыстарды салыстыра келгенде, бәлкім иррационалдық деп жүргеніміз сол «көрілместің»(непроявленность) өзі болар деген ойда қалдық. Автор иррационалдық жолмен тануға болатын құбылыстардың сырын толық ашпағанмен, оған біршама жақын келген тәрізді. Зерттеуші Кіндік нүкте арқылы бақилық өмірді, ал ғалам(шеңбер) арқылы фәнилік өмірді сипаттап, екі дүние арасындағы байланыстың да символын берген тәрізді. [5,40-43-55]. Осы тектес құбылыстарды символ арқылы тану, рационалдық немесе иррационалдық жолмен тану мәселелері мен мүмкіндіктерін ашу келешекте мифологияның дінтанумен, философиямен, т.б. ғылым салаларымен бірлесіп зерттейтін объектісі болса керек. Педагогика ғылымы олардың нәтижесін қолданар еді.

С.Қондыбайдың пікірінше, ислам діні жоғарыда сипатталған Ілкі Төрдің доктринасын барынша толық сақтаған дін. Ілкі төр барлық адамзатқа ортақ дегенмен, осы дәстүр жасампаздарының тілін сақтаған ұрпақ арғықазақтар, яғни, дей-түркілер деп көрсетеді. [5,64]. Яғни, қазақтар сол ілкі төрден бастау алып, өзінің төл дәстүрін жасаған. Осы мысалдардың барлығы қазақтың рухани мәдениетінің түпкі арналарын білдіреді. Оларды талдай отырып, ғылым негіздерін оқытып, тәрбие беріп жүрген педагогикалық тәжірибедегі кейбір ұғым, түсініктердің, терминдердің сонау мифологиядан бастау алатынына көз жеткіземіз.

Біздің байқауымызша, білім мен діни сенімнің алшақтығы бізді киелі кеңістіктен алшақтатып келеді. Бұл екі ұғымның бір кеңістікте тоғысқаны дұрыс. Яғни, мифология мен дін тудырған киелі ұғымдар мен білім-ғылым тудырған ұғымдардың өзара үйлесімді қолданысы қажет. Кие, киелілік- түркі тілдестердің, әсіресе қазақ менталитетіне тән қасиет, болмыстық, жаратылыстық ерекшелік. Киені түсіну, киелілікті қастерлеу сезімін тәрбиелеу педагогикалық тәжірибемізден орын алып келеді. Сенім мен Кие - тұлғаның имандылығын, ізгілігін қалыптастыруға үлес қосатын компоненттер. Осы компоненттердің үйлесімі мен ықпалы тудырған сана анағұрлым жоғары болар еді. Адамзаттың даму тарихында өшпес із қалдырады.

Кие ұғымының енді қалыптасып келе жатқан ұлттық идеямыздың бір компоненті (рух, кие, діл) ретінде көрініс беруі бекер емес. Мысалы, кие мен рухтың философ-ғалым Д. Ә.Әубәкір ұсынған ұлттық идея моделінің[6, 51-61] төрінен орын алуы да тегін емес. Осындай зерттеулерге сүйене келе, кейбір ұлттық мектептеріміздің моделі рухсыз немесе киесіз, ділсіз, кейде тілсіз жасалып жүр ме деп қаламыз.

Қорыта келгенде, С.Қондыбай назар аудартқан киелі кеңістік және оның символдары гуманитарлық ғылымдар арасын жуықтатып, пәнаралық зерттеулердің маңызын арттыратын мәселе. Жоғарыда жасалған талдаулар мен тұжырымдар негізінде айтарымыз, С.Қондыбай ұсынған мифтерді зерттеу әдісі мифологиялық ыңғайдың педагогикалық маңызын арттырады. Санамыздан ығыса бастаған киелі кеңістігіміздің тәлімдік, танымдық ықпалын күшейтетін, тәрбие құралы ретінде қолданатын тетік, педагогикалық мәдениеттану саласы ұстанатын зерттеу әдістерінің бірі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы. - Алматы: Ана тілі, 1991.
2. Қоңыратбай Т. Кандидаттық диссертацияның қолжазбасы. - Алматы: Ғылым, 1994. -230 б.
3. Гумилев Л. Этносфера. История людей и история природы. - Москва: 1993. -340 с.
4. Есім Ғ., Артемьев А., Қанаев С., Біләлова Г. Дінтану негіздері. - Алматы: Білім, 2003.
5. Қондыбай С. Арғықазақ мифологиясы. Алматы: Дайк Пресс, 2004. 1-кітап. -509 б.
6. Әубәкір Д. Жаһандану және ұлттық идея. - (үш тағанды философиялық тұғырнама). Астана: Тіл және қоғам. 2005. -120 б.

Редакцияға 25.03.2011 қабылданды.

Е.Б.ОМАРОВ

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНЫҢ ТӘРБИЕЛІК ЖҰМЫС ТӘЖІРИБЕСІНДЕ ӘЛЕУМЕТТІК-БАҒДАРЛАНҒАН ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

This article presents the results of the peer survey, which allowed us to determine that the most productive in addressing management challenges in the field of education technology are based on the principles of creative collaboration.

Creativity at work on management education of youth with the use of physical culture and sport is different from the other activities of defining methods, techniques and methods of managerial influence on the controlled system.

Кіріспе: Жоғары оқу орнында тәрбиелік жұмысты басқаруда әлеуметтік-жеке тұлғалық бағыттылық әлеуметтік-бағдарланған басқару мәдениетінің қалыптасу технологияларымен үздіксіз байланысты. В.Г. Афанасьев пен [1] Л.И. Горшунованың [2] пікірлері бойынша, тәрбие беруде басқару мәдениеті тәрбиелік қызметтің белгілі бір деңгейінде басқарушылық білімдердің, сезімдердің, құндылықтардың, басқарушылық және ұйымдастырушылық қарым-қатынастардың бірлігі ретінде қабылданғаны жөн.

Мақсаты: қалыптасу механизмдері келесі сипаттарда болуын айқындау:

- тәрбиелік міндеттерді, басқарушылық тұжырымдарды, тәрбиелік жұмыс бағдарламаларының жобаларын және т.б шешуде білімдерді қалыптастыру;
- жастарға тәрбие беру саласында басқарушылық қарым-қатынастардың дамуы;
- тәрбие беру үрдісі субъектілерінің шығармашылық қызметін ынталандыру;
- білім берушілік бірлескен мүдделерге, заңдарға, моральға, құқықтарға құрметтеуді бекіту;

Міндеті: басқару үрдісін белсендіретін, дене шынықтыру және спорт тәсілдерін қолданумен, басқару субъектілерінің қарым-қатынасы және шығармашылық іс-әрекетін, басқарушылық білімдерді бір тұтастыққа біріктіретін басқару технологияларын әзірлеу мен ендіру.

В.Я. Кикоттың, В.А. Якуниннің [3] айтулары бойынша, тәрбиелік үрдісті әлеуметтік-бағдарланған басқару мәдениеті нарықтық қарым-қатынас іс-әрекеттерін шектейді, тәрбиені реттеу механизміне «әлеуметтік факторды» қажетінше қосады, жеке тұлғаның шығармашылық әлеуетін ашуға жәрдем береді. Ол тек құқықтық, әкімшілік-командалық, ақпараттық-реттеу түрлерімен ғана сипатталмайды, сондай-ақ студенттерді тұрақты әлеуметтік қолдау түрінде, білім алу еңбегі мен барлық өмірлік іс-әрекеттерін әлеуметтік ынталандыруды қосады.

Жоғары оқу орнында тәрбиелік үрдісті басқарудың әлеуметтік-бағдарланған мәдениетіне қолданылатын оның төмендегідей қағидаларын қалыптастыруға болады:

- студенттерге тәрбие беруді әлеуметтік-жеке тұлғалық басқарудың ұзақ мерзімді стратегиясы;
- жоғары оқу орнының дәстүрлерін сақтай отырып, инновациялық басқарушылық мәдениеттерді қалыптастыруда біртіндеушілік және оларды білім беру жүйелерінің қызмет етуін жана әлеуметтік-экономикалық шарттарына бейімдеу;
- дене шынықтырудың жана ұстаздық технологияларын жылдам меңгеру және тәрбиелік міндеттерді шешуде оларды тиімді қолдану;